213576515

ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 8 тамыз № 3342-24-00-2м/690 Балпық би ауылы
Жетісу облысы

Жетісу облысы Көксу аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Мынжанова, хатшылыққа А.К.Жумабаеваны ала отырып, ашық сот отырысында Жетісу облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Туриспаева Бакыт Оспанкулованың борышкер Бейсекеев Толенды Тулегеновичтің ортақ мүліктегі үлесін айқындау туралы ұсынысын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2021 жылғы 26 қазандағы Алматы облысы Көксу аудандық сотының бұйрығымен Бейсекеев Толенды Тулегеновичтен Сырлыбаева Жибек Сырлыбаеваның пайдасына кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағу үшін 2021 жылғы 25 қазанынан бастап ай сайын еңбек ақысының және өзге де кірістерінің тең жартысы мөлшерінде алимент өндірілген.

2023 жылғы 16 мауысымында жоғарыда көрсетілген сот бұйрығының негізінде № 1110/23-33-856 атқарушылық іс жүргізу қозғалған.

Атқару құжатын орындау барысында борышкер Бейсекеев Толенды Тулегенович Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Қаблиса жырау көшесі № 56 үйде тұрмайтындығы анықталып, 2023 жылғы 7 қыркүйектегі қаулымен іздеу жарияланған.

Жеке сот орындаушысының қаулысымен борышкердің мүлкіне тыйым салынған. Сот актісі осы уақытқа дейін борышкермен орындалмаған.

2024 жылғы 20 маусымдағы жеке сот орындаушысы Б.О.Туриспаеваның қаулысымен борышкер Т.Т.Бейсекеевтің қарызы 5 015 744 теңге болып анықталған.

Атқарушылық әрекеттер жасау барысында АІЖО ААЖ бағдарламасы деректеріне сәйкес, борышкердің зейнетақы жарналары аударылмайтынын, жылжайтын мүлік тіркелмегені анықталған.

Жеке сот орындаушысы ұсынысында борышкердің ортақ мүліктегі үлесін айқындауды сұраған.

Жеке сот орындаушысы Б.О.Туриспаева жазбаша арызында ұсынысын қолдап, қанағаттандырып, оның қатысуынсыз қарауды сұрады.

Ж.С.Сырлыбаева мен Т.Т.Бейсекеев сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген, алайда сотқа келмеді, сот отырысын кейінге қалдыруды өтінбеді. Осыған байланысты, тиісінше хабарландырылған Ж.С.Сырлыбаева мен Т.Т.Бейсекеевсіз қарауды ұйғарды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай - Заң) 31-бабына сәйкес, сот орындаушысы өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін негіз болып табылады.

Заңның 39-бабының 1-бөлігіне сәйкес, мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, сондай-ақ заңнамалық актілермен орындаудың өзгеше мерзімдері белгіленгеннен басқа жағдайларда, атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтындай мерзімде аяқталуға тиіс.

Заңның 60-бабының 4-бөлігінде борышкердің үлесінің мөлшері туралы құжаттар болмаған және (немесе) борышкердің ортақ мүліктегі үлесіне балама нақты мүлікті айқындау мүмкіндігі болмаған кезде ортақ мүлікті бөлу, сондай-ақ осы мүліктегі үлестерді айқындау және борышкердің үлесін бөліп шығару сот орындаушысының арызы не өндіріп алушының талап-арызы бойынша сот тәртібімен жүргізілетіні көзделген.

«Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 Нормативтік қаулысының 8-тармағында заңның 60-бабының талаптарына сәйкес сот орындаушысының арызы не өндіріп алушының талабы бойынша сот тәртібімен борышкердің ортақ мүліктегі үлесінен жалпы мүлікті бөлу, үлесті анықтау немесе үлесті бөліп шығару жолымен өндіріп алу көзделген.

Борышкердің борышы бойынша ортақ меншік болып табылатын мүлікті өндіріп алу барысында сот орындаушысы немесе атқарушылық іс жүргізудегі тарап, егер үлестер заңнамада белгіленген тәртіппен анықталмаса, борышкердің үлесін анықтау туралы талаппен сотқа жүгінуге міндетті. Сот қарау нәтижелері бойынша нақты мүліктегі өндіріп алынатын борышкердің үлесін анықтау туралы ұйғарым шығарады.

Сотпен анықталғандай, Т.Т.Бейсекеев пен Ж.С.Сырлыбаеваның арасында 2012 жылғы 16 сәуірде неке тіркелген.

2021 жылғы 26 қарашадағы Алматы облысы Көксу аудандық сотының шешімімен Т.Т.Бейсекеев пен Ж.С.Сырлыбаеваның арасындағы неке бұзылып, кәмелетке толмаған балалары аналары Ж.С.Сырлыбаевамен тұратындары айқындалған.

Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі № 4 үй, кадастрлық нөмер № 03-261-013-371 және Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі № 4 А

ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЮЛҒАН МЕРЗІМДІК БАСПА А. Б., 05.03.2024

кадастрлық нөмер № 03-261-013-372 жер учаскесі Бейсекеев Толенды Тулегенович пен Сырлыбаева Жибек Сырлыбаеваның 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 1277 сатып алу-сату келісім шартының негізінде бірлескен ортақ меншік құқығы 2021 жылғы 19 сәуірінде тіркелген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 223-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі, егер бұл мүлік ерлі-зайыптылардың үлесті меншігі болатыны, не олардың әрқайсысына тиесілі немесе меншік құқығында тиісті бөліктерде ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі екені олардың арасындағы шартта көзделмесе, олардың бірлескен меншігі болып табылады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 33, 38-баптарының негізінде ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.

Егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және осы мүліктегі үлестерін айқындау кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі тең деп танылады.

Баяндалған мән-жайларды ескере отырып, жеке сот орындаушы Б.О.Туриспаеваның ұсынысы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 249, 268-269-баптарын және «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 33, 38-баптарының басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Жетісу облысы атқарушы округінің жеке сот орындаушысы Бакыт Оспанкулова Туриспаеваның борышкердің мүліктегі үлесін айқындау туралы ұсынысы қанағаттандырылсын.

Бейсекеев Толенды Тулегеновичтің Жетісу облысы, Көксу ауданы, Акшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі № 4 үйде, кадастрлық нөмер № 03-261-013-371 және Жетісу облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Орджоникидзе көшесі № 4 А кадастрлық нөмер № 03-261-013-372 жер учаскесінде ортақ бірлескен жылжымайтын мүліктегі үлесі - 1/2 бөлік мөлшерінде айқындалсын.

Үйғарымға жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жетісу облыстық сотының апелляциялық сот алқасына Көксу аудандық соты арқылы жеке шағым немесе прокурор өтінішхат келтіруге болады.

Судья Мынжанова А.Б.

Құжатқа қол қойылған: Мынжанова А. Б., 06.08.2024

Қазақстан Республикасы Ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Сотпроизводство
Ақпараттық жүйесі
Қазақстан Республикасы

Құжатқа қол қою туралы мәлімет ЭЦҚ, ЦБУЛС.00274

342-24-3-12/94